Отандық ғылыми кеңесші, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры,
психология ғылымдарының докторы
Ким Алла Михайловнаның
«8D03107 – Психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Шералы Бижан
Сейжанұлының «Ірі қаладағы адамның психологиялық бақуаттылығы мен
дене белсенділігі арасындағы байланысы (Алматы қаласының студент
жастары мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

# ПІКІР

Ірі қала жағдайында өмір сүретін студент жастардың денсаулығы мәселесі тек Алматы қаласы ауқымында ғана емес, жалпы Қазақстан Республикасы деңгейінде де өзекті болып табылады. Сонымен қатар, жастардың денсаулығын сақтауға қолайлы жағдай жасау әлемдік деңгейдегі маңызды мәселелердің бірі саналады. Бұл ретте денсаулық физикалық қана емес, менталдық денсаулық тұрғысынан да қарастырылады.

Аталған мәселенің ғылыми шешімін іздестіру әртүрлі бағыттарда жүргізілуде, соның бірі – дене (физикалық) белсенділігі факторын зерттеу. Дене белсенділігі пен психологиялық бақуаттылық арасындағы байланыстың өзектілігі алғаш рет спорт психологиясы саласында зерделенді, қазіргі уақытта бұл бағытта Scopus дерекқорына енген ғылыми жарияланымдар деңгейінде елеулі зерттеу нәтижелері жинақталған.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта осы мәселе бойынша ғылыми әдебиеттер тек спортшыларға ғана емес, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі дене белсенділігімен айналысатын қарапайым студенттерге де бағытталған жүйелі талдауды және эмпирикалық зерттеу қорын кеңейтуді талап етеді.

Б.С. Шералының диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы аталған екі бағытпен тікелей байланысты. Қазақстанның психологиялық әдебиетінде алғаш рет ірі қала студенттерінің дене белсенділігі мен психологиялық бақуаттылығы арасындағы байланыстың ерекшеліктері жүйелі теориялық тұрғыдан негізделіп, эмпирикалық деңгейде дәлелденіп ұсынылды.

Автор зерттеуде бейімделген және апробациядан өткен психологиялық әдістемелерді қолданды, көлемі жеткілікті іріктемені қамтыды және алынған нәтижелерді өңдеудің заманауи математикалық-статистикалық әдістерін пайдаланды.

Жұмыстың бір бөлігінде Қазақстан, Ресей және Қытай студенттері қатысқан кросс-мәдени зерттеу қамтылды. Зерттеу барысында қазақстандық психология ғылымы үшін жаңа әрі қызықты нәтижелер алынды.

Зерттеуде ұсынылған барлық болжамдар өз дәлелін тапты. Бұл Б.С. Шералының қазақстандық психология ғылымына елеулі үлес қосқанын және алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының білім беру үдерісіне, сондай-ақ студенттермен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар тәжірибесіне практикалық тұрғыдан енгізуге болатынын көрсетеді.

Қорғалатын тұжырымдардың жаңалығын ерекше атап өту керек. Атап айтқанда, дене белсенділігі пен психологиялық бақуаттылық арасындағы тікелей байланысты іздестіру, ең алдымен, адамның дара тұлға ретінде қалыптасуына, оның өсуі мен дамуына қатысты көрініс тапты. Бірқатар медиаторлық айнымалыларды қолдану бұл қатынасты жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік берді. Дене белсенділігі мен психологиялық бақуаттылықпен тек адаптивті перфекционизмнің оң байланысы анықталды. Бұл байланыс дене белсенділігі жеке құндылықтар жүйесіне енгізілген кезде автономды мотивациямен байланыста анық көрінді. Психологиялық бақуаттылық пен дене белсенділігі арасындағы байланысты жүзеге асыруда эмоциялық интеллект компоненттерінің медиаторлық рөлі анықталды. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер психологиядағы жүйелік көзқарас терминдері тұрғысынан жақсы түсіндіріледі.

Б.С. Шералының диссертациялық зерттеу нәтижелері Scopus дерекқорына енген екі ғылыми басылымда жарияланды, олардың бірі Q1 деңгейіндегі журналда және мұнда Б.С. Шералы бірінші автор. Сондай-ақ Web of Science дерекқорына енген халықаралық конгресс жинағында баяндама тезистері жарияланды.

Диссертациялық зерттеу мемлекеттік тілде қорғауға ұсынылған, бұны отандық психология ғылымының дамуына қосылған маңызды үлес ретінде қарастыруға болады.

Докторантурада білім алған барлық жылдар бойы Б.С. Шералы өзін терең ойлайтын, тәртіпті және белсенді зерттеуші ретінде көрсетті. Ол докторантураның білім беру бағдарламасын толық меңгеріп, ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленетін, докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келетін аяқталған диссертациялық зерттеуді белгіленген мерзімде ұсынды. Осыған байланысты Б.С. Шералы «8D03107 – Психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп есептеймін.

Осы пікір Шералы Бижан Сейжанұлының диссертациясын ашық қорғау рәсімінен өткізу мақсатында берілді.

**Отандық ғылыми кеңесші:**
**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**
**Философия және саясаттану факультеті**
**жалпы және қолданбалы психология кафедрасының**
**профессоры, психология ғылымдарының докторы** **А.М. Ким**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының бастығы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Сейтжанов Д.А.
«07» 10 2026 ж./г.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный университет имени аль-Фараби»
Non-profit joint-stock company «Al-Farabi Kazakh National University»
FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY 1934
БИН 990140001154